



# РУБАИЛАР



8189927101  
6-45  
002

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ баспаханасы  
A.Y.U. Basimevi

Түркістан-2003

*РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ*

***РУБАИЛАР***

*Түркістан-2002 жыл*

*ББК 84(5 Каз)*

**Б45 Рубайлар-Түркістан, 2002**

... бет

ISBN 9965-450-58-7

Көрнекті ғалым, публицист жазушы, Қазақстан Үлгітың Фылым академиясының мүшес-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылымына еңбекі сіңген қайраткер, Шоқан Ұәлиханов және “Түрік дүниесіне қызмет” сыйлықтарының иегері Рахманқұл Бердібайдің қазақ фольклоры, әдебиет тарихы мен сыны, түріктану мәселелеріне арналған шығармашылығы зиялы жүргіштырылға жақсы таныс. Ал оның өлеңдері ... дегенге қазіргі қауым жатырқап қарауды мүмкін. Р.Бердібай әдебиет өлеміне қадам қойғанда алғашқы тәжірибесін өлең жазудан бастаған. Оның жекелеген өлеңдері 1945-1955 жылдар аралығында “Оңтүстік Қазақстан”, “Ленин жолы”, (Қызылорда), “Коммунизм таны” (Алматы) газеттерінде жарық көрген. Содан берідегі жарты ғасыр ішінде ол әдебиет сынды мен тарихы, фольклортану саласында 40 кітап, 1200 мақала жариялады; еліміздің ең ірі ғалымдарының сапына қосылды; еңбектері шетел тілдеріне аударылды. Бірак, Раҳаң назым-поэзиядан мүлде қара үзіп кетпей, өмірінің әр кезеңінде толғандырган ойларын қойын дөптеріне, қунделіктер арасына жеке шумақтар-рубайлар түрінде жазып отырган екен. Сол рубайлардың біразын ғалымның 75 жылдығына орай кітапша етіп шығаруды жөн көрдік.

Б 4702250202  
00(05)-02

ISBN 9965-450-58-7

-1-

Сактасын өуел баста жаңылыстан,  
Сабыр берсін көңілге алып үшқан.  
Жаратқан өшірмегей үміт отын,  
Кем қылмай сүйініштен, сағыныштан.

-2-

Көнілдің қанағатшыл болса көзі,  
Көрінер жеткілікті аздың өзі.  
Құнығудың дертіне шалдыққанның  
Көзіне көрінбейді жердің жүзі.

-3-

Жәһілдік жақсылықты алыс қылар,  
Көр көніл үйренуді намыс қылар.  
Білімнің тұнығынан қанып ішсөн,  
Жырақты жақын қылып таныстырыар.

-4-

Біреудің іздеңені – білім нұры,  
Біреу жүр өсек андып, бейне үры.  
Күн мен түндей алмасқан, қайран өмір  
Таусылмас мәңгі-бақи тылсым сырь.

-5-

Бел асып, асу асып, арымай-талмай,  
Алпысқа келдің, ажал дерті шалмай.  
Ел мерейін көтерген бір сатыға  
Айт, кәне, іс пен сөзің болса қандай?

-6-

Уақыт етер-кетер зуылдаған,  
Тағат қылып бір сәтке бұрылмаған.  
Бүгінгі істі қалдырма ертеңгіге  
Кезегі өтсе, оралу бұйырмадан.

-7-

Өзгермес табиғаттың заңы қатал,  
Шыкқан күн, мерзім келсе, ол да батар.  
Құлмектің де бар екен жыламағы,  
Тәтті жеген ашының дәмін татар.

-8-

Тақыстар бар тажалдай дәуірлеген,  
Қосылмас ынтымағы қауымменен,  
Жазығы жоқ, көнімпаз пенделерге  
Пілге үрген қандендей шәуілдеген.

-9-

Дүниеде нәрсе бар ма Күннен жарық,  
Құлпыртқан күллі өлемді нұрға малып.  
Жылжи-жылжи әлсіреп, талмаусырап,  
Ол-дағы ұсына батар барып.

-10-

Мен едім өскен жеке, жалқы болып,  
Ширадым бірте-бірте талқы көріп.  
Қам көңілді толтырып, медет беріп  
Шыққаның қандай жақсы артыма еріп.

-11-

Кезіктік басшыларға терең емес,  
Мактау мақұл, өзге сөз керек емес...  
Мылқау деп ойламандар жүртшылықты,  
Көзі соқыр, құлағы керен емес.

-12-

Маман ол, ойы жүйрік, сөзі сынық  
Таласта танытқандай ақыл, білік.  
Бірақ шындаپ келгенде екі жүзді  
Сырты момын болғанмен, іші бұлік.

-13-

Жасынан үйренілті арамдықты,  
Тіл ұшымен айтады адалдықты.  
Жылтыраган сөздері бейне перде  
Тасалып тұратүғын қараулықты.

-14-

Атак, даңқың кетсе де шартарапка,  
Биіктен көрінсөң де досқа, жатқа.  
Мұның бәрі тоқсауыл бола алмайды,  
Ажал сөті төтелеп төнген шакта.

-15-

Өлшеулі өмір кешеді пенде пакыр,  
Жинар білім, дүние қалмай қапыл.  
Алды-артына қарайлап болмай жатып,  
Білмей қалар келгенін заманақыр.

-16-

Бірі еді ол байыпты, саналының,  
Пайда, зиян айырган ара жігін,  
Жүргенде күйбен тірлік қамыменен  
Кенеттен көз жұмылды, алды тыным.

-17-

Дос көңілінен артық па көрген пайда?  
Кү дүние қалмаған қайсы жайда?  
“Есептен достық қымбат” деп қасқайып,  
Талжылмай тұrap қайсар адам қайда?

-18-

Дүние қайта оралар, шықса қолдан,  
Достықты кім түзейді, тайса жолдан?  
Айнымайтын адал дос тапсан егер,  
Өмірдегі бәсі артық ол бір олжан.

-19-

Күш бар ма сүм ажалға қарсы тұрар,  
Әпсөтте алыбынды алып жығар.  
Шынардай бойлап өскен әсем өмір  
Шарт етіп, кезі келсе, бір-ақ сынар.

-20-

Күтпеген түсі суық келді хабар,  
Хал емес “орынды деп” пайыз табар.  
Тағдырдың шешіміне қайрат сол-ақ  
Жан жылап, екі көзден жасың тамар.

-21-

Біреу қуліп жүреді, біреу жылап,  
Жағдайын блер адам бар ма сұрап.  
“Шындық” деген ұранға сене берме,  
Әділдіктің ауылы жатыр жырақ.

-22-

Қолына кей адамның тисе мансап,  
Демейді: “адасамын, кетем жаңсақ”.  
Өзі шала, даналық қайдан келсін  
Көнілің қалар барғанда шындық ансан.

-23-

Өмірге біреу келіп, біреу кетер,  
Бұл маусым мәңгілік деп сенбе бекер.  
Заманның өзгермелі зандылығы,  
Деп тұргандай: “қызықтың бәрі де өтер”.

-24-

Тазартпай ішіндегі кірін әр күн,  
Аулына қоңсы қонбай үят, ардың,  
Өмірі арам ойлап, иман жимай,  
Жасына жеткендер көп пайғамбардың.

-25-

Тағы да бүгінгі күн – “магнит дауыл”,  
Ауруға да, сауға да тиген ауыр.  
Әр айдың төрттен бірі “дауыл” болса,  
Пенде халі қалайша болар тәуір?

-26-

Дұниеден жан бар ма опа табар,  
Ажал-жылан бір күні сені шағар.  
Ойды опырып, қырларды төңкерсөң де  
Тек жақсылық істерің есте қалар.

-27-

Талайлар сөз жүзінде ірі болған,  
Әділет “батырының” бірі болған.  
Кездескен қыындыққа төтеп бермей  
Мансап пенен құлқынның құлы болған.

-28-

Қылмысы бар өлшектін батпанменен,  
Жалған алған орденді таққанменен.  
Адалдықтан санада мысқал да жок,  
Жылпостықпен әркімге жаққанменен.

-29-

Отаншылдық, парасат, биік мұрат  
Деген үгым “галымнан” жатыр жырақ.  
Мансап құған жандарды мактауменен,  
Қалт-құлт етіп жүргені құлша ұнап.

-30-

Тағдыр жолы кешеуlep келсе де кез,  
Қажеті туды сырдың айтылар тез.  
“Дем алмаса, тыныс жоқ” дегендей-ақ  
Шығардым өзіне арнап бір-екі сөз.

-31-

Дара шыққан саҳрада сен бір гұлсің,  
Сақталған дарияда ақық, дұрсің.  
Ақку мойын, құлын тән, құралай көз,  
Тұла бойың жарасым – күй мен жырсың...

-32-

Маған алыс жылуың қыскы күндей,  
Салқын сулу тартасың екпе гүлдей.  
Үмітпен ықыласымды ұсынсан да,  
Кете бердің сөзімді қулакқа ілмей.

-33-

Ашпақ едім жүректің қазынасын,  
Сол үшін айттым ойдың базынасын.  
Көптен бері жабырқап жүрген көніл  
Деп едім: “Сөті түссе, жадырасын”.

-34-

Амал қанша, ойымды құп алмасан,  
Әдел жібін бұлқынып үзе алмасан.  
Бірақ мәнгі мойныңа қарыз болар,  
Күрбының мұнын ұғып, біле алмасан.

-35-

Көзіне жер-жаһанда ешкімді ілмей,  
Жүрмейтін зорлық қылмай, сескендірмей.  
Секілді әжүж-мәжүж жалмауызды  
Жоятын ер туар ма Ескендірдей?

-36-

Сөз шыкты бұл заманда “ғаламдану”,  
Анық аты-булдіргіш, арам қару.  
Есірік боп бұл сөзге ергендердің  
Ақыры адасу мен арандалу...

-37-

Тас жарып, тау қопару емес бүйым,  
Бұруға да болады дария сұын.  
Бірақ та білім, дарын – бәрін жисан,  
Мінездің кесепатын түзеу киын.

-38-

Өмірде толып жатыр шер менен мұн,  
Орны толмас өкініш қаншалық мың...  
Соның зоры – аяулы ана арманы,  
Қызығын көре алмаған ұл-қызының.

-39-

Ит риза абалап үргеніне,  
Надандар мәз сүмдікты білгеніне,  
Зұлымдықтың қуллісі татымайды  
Жақсының жадырап бір құлгеніне.

-40-

Сүмдіктың алыс, жақын шегі болмас  
Іздесен, мінезсіздің емі болмас.  
Дүниенің төрт бұрышын кезгенінмен,  
Жақсыға жаны жайсаң тені болмас.

-41-

Бойласаң да білімнің тереңіне,  
Қанықсаң да дүние дерегіне,  
Білгенің бір, білмесің тоқсан тоғыз.  
Шықтым деме парасат кемеліне.

-42-

Адам күші асады алып пілден,  
Көр көнілді жібітер қызыл тілмен.  
Көп нәрсеге жетсе де алғыр ақыл,  
Қын екен өзінді танып билген.

-43-

Көніл шіркін кезеді алысынды,  
Бөгет құрлы көрмейді гарышынды.  
Бірақ бәрі ғаламның тозаңындау —  
Жинасаң ілім, білім табысынды.

-44-

Дүниеде мамандықтың бәрі керек,  
Сый тұтса, еңбегінді жұртың елеп.  
Көспітті түгелімен менгерсе де ел  
Ар ойлар азаматтың орны бөлек.

-45-

Танытқан сәби кезден дүние сырын,  
Ұсынған әлемдегі білім гүлін,  
Тен келер саған, сірә, қазына жоқ —  
Асылым, баға жетпес, туган тілім.

-46-

Айтарсың, жан қысылса, арызынды,  
Өтерсің әлде кімге қарызынды.  
Әмірлік таусылмайтын міндет деп біл  
Өзінің елге деген парызынды.

-47-

Талайлар пайда түспес іске шабан,  
Қол қайырын пұлдаған нағыз надан.  
Жақсылығын аямас ешкімнен де  
Борышын биік тұтқан кеміл адам.

-48-

Біліммен, тәжірибемен қаруланып,  
Дәрігер тәннің емін табары анық.  
Қандай білгір емдейді ебін тауып,  
Жанынды қансыраган жараланып?

-49-

Бейне бір атқандай таң арайланып,  
Білімділер жол табар, бағдар салып.  
Ал наданның санасы түнменен тен  
Құлатар сокырдайын жарға апарып.

-50-

Татқан жандар өмірдің тәттілігін,  
Көрмей қалмас акыры қаттылығын.  
Секілді күн мен түннің алмасқаны,  
Әмір заны — қозғалай тыным.

-51-

“Алтын жатқан жерлерде айдаһар бар”,  
Бал жинайтын араның уы заһар.  
Гүлге аралас өседі тікенек те  
Зымыстанмен алысып туар баһар.

-52-

Әмір сырғып өтеді, аялы жоқ,  
Кәріні де, жасты да аяуы жоқ.  
Оңған бояу секілді билік, байлық  
Бір ғылымнан басқаның баяны жоқ.

-53-

Әрбір адам іздейді тағдыр сыйын,  
Әмір жолы кейде ашық, кейде қын.  
Алмагайып асу мен тосуларда  
Тозбасын адамшылық, тозсын киім.

-54-

Әзір бол шындық үшін алысуға,  
“Жықладым” деп кетпесін салың суга.  
Бірде озарсың қуанып, бірде өкініп,  
Ұтылмасаң болды әмір жарысында.

-55-

Максатсыз сүрген өмір бөрі жалған,  
Жетпесең ойлағанга, ол бір – арман.  
Тіршілік базарында несі қызық –  
Тауардай керексіз бол етпей қалған.

-56-

Дүние көрінеді шексіз болып,  
Аумағын тану қын оймен шолып.  
Ал адамның өмірі қас қағымдай  
Бейне қонақ, кеткендей бір күн қонып.

-57-

Көп адамның тұбіне өсек жетер,  
Өсек шындық еken деп сенбе бекер.  
Жақсыны емес, жамандық көп іздесен,  
Азды-көпті бағанды жойып кетер.

-58-

Пайда жоқ тоқтау білмес бейпіл тілден,  
Одан гөрі жақсырақ үнсіз жүрген.  
Әлдекімнің тағдырын өлшеғенше  
Жанындағы жақынды сыйлап үйрен.

-59-

Жігітке жақсы нәрсе қосы оналған,  
Қосы оналған кісінің ісі оналған.  
Ондай жанның еселеп ырысы артып,  
Келешекке беттеген көші оналған.

-60-

Адамдық парасатты игермедік,  
Жақсы үлгіні жат көрдік, үрленбедік.  
Иттікті қулық санаң дағыланып,  
Күн сайын көрсек сүмдық, жиренбедік.

-61-

Күн көрдік ар-ұтты “алдап” жүріп,  
Жыл өткіздік қызметтен қалмай жүріп.  
Құш-қуатты сарп еттік болмашыға  
Сөз сапырдық, шын іске бармай жүріп.

-62-

Қысқа өмірдің қадірін терен тұсін,  
Мәңгі өлмей қалуга келмес күшін.  
Ішкен, жеген, үйіктаған мақсұт емес,  
Әмір керек жақсылық жасау үшін.

-63-

Әрбір адам бүйірган дәмін татар,  
Жақсы да, жаман да өтер түзеп қатар.  
Жаманның жоқ болғаны еленбейді,  
Жақсының мерт болғаны елге батар.

-64-

Ісіннің әктығына керек сенім,  
Әкінбе жұмсалды деп қайрат тегін.  
Еңбегің мұратына жеткендігі –  
Артында іздейтуғын қалса елің.

-65-

Елтісөң дүниекорлық қызығына,  
Шықпассың адамдықтың құзырына.  
Қанагатты құнығу басып кетсе,  
Жеткениң азғындаудың сызығына.

-66-

Шынымен ел қамына болсаң алан,  
Міндет көп азамат деп артар саған.  
Ізгілікке жүз рет шақырганнан  
Керек-ақ нақтылы іске қойсаң қадам.

-67-

Жұт болып, мал қырылса, орны толар,  
 Көшкен ел жайлауына қайта қонар,  
 Халықтың рухына закым түссе,  
 Қандай ем жазылуға дауа болар?

-68-

Қайсы бір көмескі жан, шала кісі,  
 Келгенмен өзін ұлы санағысы.  
 Қояды әркімді де өз орнына  
 Тарихтың қате кетпес таразысы.

-69-

Елге қарап данышпан ерлер туар,  
 Ел арманы жолына белін буар.  
 Ақыл, қайрат, намысы толық жүрттар,  
 Дүшпанына алданбай, қарсы тұрап.

-70-

Ажал төнсе, тар етіп заманынды,  
 Еркінменен бүргизбас табанынды.  
 Ақылың Аплатондай болса-дағы  
 Әпсөтте таусады амалынды.

-71-

Дүниені жақсылық пен мейірім түзер,  
 Ізгі жандар көнілден маржан тізер.  
 Достықтың кемесіне мінген адам  
 Тоқтамай, муратына алыс жүзер.

-72-

Жетсе үкімі тағдырдың дүние қаран,  
 Кетерсің алды-артына болмай алан.  
 Өшпейтін өмірдегі ескерткішін –  
 Қалса артында ізбасар бала-шаған.

-73-

Жандар бар жыртқыш мінез, сұық түсі,  
 Өзгенің қасіретімен болмас ісі.  
 Тежеусіз, қанағатсыз, тәубасы жок,  
 Қылышы-ан, тек қана аты – кісі.

-74-

Қазақтың қасіретті жайы мәлім,  
 Жөндеуге бүлінгенін келе ме әлің?  
 Бұл елге болысамын дегендердің  
 Өзгеден алабөтен соры қалың.

-75-

Еткен еңбек не керек, күй болмаса,  
 Ішкен-жеген қызықсыз, сый болмаса.  
 Не пайда атақ пенен абырайдан  
 Бақыт толы басында үй болмаса?

-76-

Өзіне жат, өзгеге елбек қаққан,  
 Халқын сатып, лауазым, мансап тапқан.  
 Табанының бүрі жок, жылпос, жылтыр  
 Басшылардан халайық мықтап сақтан.

-77-

Ысқаяқ жылпостарды санадық зор,  
 Кем тұтып, дарындыға бермедік қол.  
 Жақсы мақсат, ізгі ойдың беті қайтып,  
 Игілік өрістеуге таппады жол.

-78-

Алыпсатар, дедалды ұлық тұттық,  
 Қауқары жок бос сөзді жүндей тұттік.  
 Үят, аят, парызызы таптап өтіп,  
 Азып-тозу шегіне келіп шықтық.

-79-

Адамда асыл мұрат, қалмады иман,  
Алшандап озды тынбай дүние жиган.  
Мансап, атақ кілті таныстықта,  
Жан азайды нәпсісін тежел, тиган.

-80-

Шабан озды хас жүйрік дүлділіннен,  
Мылқау озды сұңғыла білгіріннен,  
Жар түбінде жататын жапалактар,  
Асып түсті қырғидай ілгіріннен.

-81-

Мәңгі тұрган жоғалды теңіз, көлдер,  
Көк шалғынның орынын басты шөлдер.  
Орман менен даладан аң, құс кетіп,  
Жайпауытқа айналды биік дөндер.

-82-

Тарихтың тағлымдарын елемедік,  
Жақсы үлгіні құрметке бөлемедік.  
Елді сатқан әккіні ер деп мақтап,  
Жау пигылға тоқтау сап тежемедік.

-83-

Ойсыз қылып өсірдік баламызды,  
Жоғалттық дәстүр, елдік санамызды.  
Көрінгенге жамандап елімізді,  
Кетірдік қарап жүріп бағамызды.

-84-

Қадір тұтып көрмедік барымызды,  
Ойламадық ел деген арымызды.  
Ата-баба ісіне күйе жағып,  
Жаудан бетер сындырық сағымызды.

-85-

Әулікті бет-бетімен қатын, бала,  
Тарығып ерлер көнілі болды нала,  
Атаның билігіне ақау түсіп,  
Ем болмай, ел сандалды таптай шара.

-86-

Етек алған сүмдышқтан шошынбадық,  
Зұлымдықты тежеуге қосылмадық.  
Күні өткеннің күні артық деп иланып,  
Ертеңгіні ескеріп, тосылмадық.

-87-

Иелі үй компасты кемеге тең,  
Қауыпсыз оған құрдым, мұз бенен сен.  
Бассыз үйдің сапары алмағайып,  
Желкайықпен шыққандай мұхитқа кен.

-88-

Татсан да қанша қызық, алуан шекер,  
Дәуренің қас қағымдай бір-ақ өтер,  
Тұлқідей қашқан жалған дүниені  
Құнығып, жетемін деп кума бекер.

-89-

Қасірет ауырлайды жеке келген,  
Ұлы той әр нөрсені көппен көрген.  
Жаратқан пендесінің асыл заты  
Өзгениң қайғысына көніл бөлген.

-90-

Не пайда үлдан, сенім ақтамаса,  
Жақсы ісінді жан салып жақтамаса.  
Ата-баба арманын жадында үстап,  
Дәстүрінді ардақтап сақтамаса.

-91-

Ғанибет болса өмірде сүйенішін,  
Әлсіреген шағында артар күшін.  
Мың тәубе дүниеде жан сергітер  
Жақсылық деген нәрсе болғаны үшін.

-92-

Сөз сөйленбес әншейін ермек үшін,  
Ақыл айтып біреуді жеңбек үшін.  
Адамды аюаннан айырамыз  
Әділдік үғымына келгені үшін.

-93-

Өмірдің талай түсіп талқысына,  
Мінеки келіп қалдық алпысына.  
Мұраттың алға қойған ақталғаны –  
Халықтың ие болсақ алғысына.

-94-

Дүшпанның тоқтау білмес жаласы көп,  
Көңілдің сұық тартар наласы көп.  
Сан сүмдүктың уытын қайтаратын  
Аяулы әзиз достың бағасы көп.

-95-

Кемшілікті мойындау қын аса,  
Шындық сорлы жатады көзден таса.  
Ешбір халық, шын азат бола алмайды,  
Азаматтық санасты оянбаса.

-96-

Әңгіменің сыры көп, алуан рең,  
Қасаң сөздер жүрекке болмайды ем.  
Жаны жайсан жақсымен дидарлассан,  
Көңілге нүр себілер лебізінен.

-97-

Періште боп көрінбе, болсан бүлік,  
Алдама елді жендептік қылып жүріп.  
Ешкімді Алла үкімі құтқармайды,  
Кетсе де көкке үшып, жерге кіріп.

-98-

Жері жоқ әлсіздердің тендік алған,  
“Тенеремін” деген сөз бәрі жалған.  
Қасқыр мен қой дос болсын дегеніміз  
Елестейді секілді өдемі арман.

-99-

Бақыт деген – өмірдің екінші аты,  
Көз жетпейді тубіне, жұмбак заты.  
Жылжып кетсе, артына қайта оралмас  
Өмірің – сол тірліктің әрбір сәті.

-100-

Көп нәрсеге жеткенмен ақыл күші,  
Шектеулі адамзаттың талпынысы.  
Сол шенберден шықпайсың бүлкынсан да,  
 Тағдырына ризалық – пенде ісі.

-101-

Адамға керек нәрсе сенім деген,  
Сенімсіз еш қындық берілмеген.  
Кол жетпестей мұратты биіктегі  
Ақыры еңбекші алар ерінбеген.

-102-

Махаббат – тіршіліктің шырқау шағы,  
Жайнаған жемісі мол бақша бағы.  
Рухтың жарасымды жалыны ол  
Мақсаттың салтанатты биік тағы.

-103-

Нәсіптіге бұл өмір күндей күлтеген,  
Кейбіреуге тек қана азап үйген.  
Тағдырдың сәттілігі қонған жандар  
Әрбір күнін ұжмакқа теней білген.

-104-

Кеше ол өктем еді кеуде керген.  
Бүгін ғаріп, аурудан азап көрген.  
Пенденің ғапілдігі осында ғой  
Ұмытады Алланы тірлік берген.

-105-

Адамдарды құпірлік зілі басты,  
Төубасы жоқ такаббар шектен асты.  
Не сенім жоқ, иман жоқ көнілінде  
Көрдік талай тыюсыз өскен жасты.

-106-

Жеке адамдар жаңылса, жолдан жазып,  
Түбінде қармайтұғын табар қазық.  
Жөнге салар құдырет табылар ма  
Егерде жаза басса бүкіл халық?

-107-

Өлшесек көлемімен күллі жаһан,  
Тозаңнан да кішкентай әрбір адам.  
Бірақ оның көтерген қайғы жүгін  
Женілдете алмайды бүкіл ғалам.

-108-

Фылым көп біздер өлі игерменеген,  
Шикіміз қызыл сөзге құмар ерен.  
Тендікті ешкім сыйласп ұсынбайды  
Алу керек оны ақыл, жігерменен.

-109-

Санада серпіп тұрған қарқын болса,  
Жүрек отты, парасат салқын болса.  
Үмітті шын жүзеге асыратын  
Намысты қалың елін, халқын болса.

-110-

Халықтар мың жыл бойы бейбіт тұрған,  
Бұл күнде зар илеп жүр жанжал, шудан.  
Қасакы шайтан сүмның кесірінен  
Жат болды адамдар да бірге туған.

-111-

Әзелден Сырдария тасып аққан,  
Болатын жерге құнар, елге мақтан.  
Бұл күндерде қалыпты құр сілемі  
Обалы отаршылға қарғыс атқан.

-112-

Биік үғым қазакта аға деген,  
Керек оны түсіну санаменен.  
Жасы үлкен көп, шын аға табылмайды  
Нағыз аға халқына пана деген.

-113-

Күй түсіну адамға ол да сынақ,  
Бұл қызықтан көп пенде қалған жырак.  
Алтыныңың бағасы мыстан төмен  
Кеуде бітеу, шалағай болса құлак.

-114-

Қазакта өнерпаздар болған талай  
Секілді нұрлы сәуле атқан арай.  
Мәнгіліктің сырласы Тәттімбетті  
Жарасады десек те “күйдегі Абай”.

-115-

Лепірдік тамаша деп осы заман,  
Әлемде жоқ деп біздей еркін адам.  
Садақаға малданған диуанадай  
Болыптыз басыбайлы құлдан жаман.

-116-

Жандар жүр қара нәпір иманы жоқ,  
Әдеп пен мейірімнен жиганы жоқ.  
Пигылы даладағы аннан бетер  
Салт, дәстүрді, үлкенді сыйлауы жоқ.

-117-

Жаңа нәсіл – дүбара үл менен қыз,  
“Келешек – осылар” деп бөсіл жүрміз.  
Мәңгүрттігін сезбеген мазлұм жандар  
Қалдырар ма артына игілікті із?

-118-

Құбылған күннен күнге туды заман,  
Кісіні шошындырар сұры жаман.  
Қияметтің күніндей тайғақ шакта  
Олжаның үлкені сол – жүрсөң аман.

-119-

Даңққа бөледі ол түрік тілін,  
Жаратты осы тілде назым, ғылым.  
Тіл тағдыры таласқа түскен шакта  
Ұстайық Әлішердегі күрес туын.

-120-

Ақындар ғасырынан биік тұрсын,  
Адамзат даналығын жыйып тұрсын.  
Әрі терен, әрі ойлы, әрі соны  
Мағыналар өлеңіне сыйып тұрсын...

-121-

Адамнан иманы жоқ дінсіз тантық,  
Тас керен, ғаріп-міскін тілсіз артық.  
Азғыннан еш қасиет табылмайды,  
Қойсан да арқасына алтын артып.

-122-

Тағдыр жолы адамға емес мәлім,  
Кім түсінер айтпаса кімнін зарын.  
Арманы не пендениң бұл жалғанда  
Кете алса ойдағының айтып бөрін.

-123-

Мен-дағы бір мінажат қылайын-ай,  
Жаратқаннан кеңшілік сұрайын-ай,  
Ата жолын ұстаған ілтипатпен  
Болса, шіркін, ұлым дәл Құмайындей.

-124-

Келсөң де шетқақпай бол көп жыл бұрын,  
Тозбалты қасиетің, сымбат, сының.  
Қазынам тенденсі жоқ дүниеде  
Көркей, жаса мәңгілік, ана тілім.

-125-

Іске аспай жиып, теріп алған білім,  
Тұрғанда сөз айтуга жетпей тілім.  
Талайды елі бөтен табындырды,  
Домбырам, қасиетті, сенің үнің.

-126-

Талай өмір бұл жерде ағып өткен,  
Үндістер жоқ бұл манда – бағы кеткен.  
Өмір заны қашан да осылай екен  
Күшті келіп, әлсізді майып еткен.

-127-

Қайда үндіс тойлары шуга толған,  
Тұтас халық құрыған, шөптей солған.  
Ізі де жоқ олардың, әлем өзге,  
Тенселеді жай ғана қалың орман.

-128-

Қогам бұл көп нәрсеге қолы жеткен,  
Жеткенше бұл денгейге бейнет шеккен.  
Өзгелердің мың жылдық мешеулігін  
Екі ғасыр ішінде басып өткен.

-129-

Мұнда озған ақылды мен қабілетті,  
Орнатқан солар үшін әділетті.  
Әрекет қып тырбанған корлық көрмей,  
Жалқау мен кеңе шеккен қасіретті.

-130-

Пенде жүрер мәңгіге жол тартқандай,  
Бакидың құпиясына қол артқандай.  
Ойласаң өмір, өлім екі арасы  
Мерзім екен шоп-шолақ қас қаққандай.

-131-

Айны mastай болсайшы қатты сүйген,  
Қышқыл тартпас болсайшы тәтті сүйген.  
Достық пенен махабbat ол да өлшеулі  
Мәңгі мұрат табады хақты сүйген.

-132-

Жарар ұлғі алсақ біз шаригаттан,  
Көңлі таза тәңірісін іздең тапқан.  
Өзінді өзің тежесен, мықтылығың,  
Артық нәрсе жоқ екен қанағаттан.

-133-

Домбырага сүйсінді тіл білмеген,  
Оның үні сыр шерпті күмбірлекен.  
Күйдің сазы жүрекке бұрын жетті  
Сөзден гөрі шалағай шүлдірлекен.

-134-

Көрдім мен ұлы мұхит терең сұын  
Көрдім мен бұл заманның биік үйін.  
Олжаның ең үлкені – көрген, білген  
Арман не, толық алсаң тағдыр сыйын.

-135-

Талайлар түкке алғызыз, екі жұзді,  
Биледі, сайдрандады, салтты бұзды.  
Сөз бен іс қосылмастай екі айрылып  
Қасиет ел сенетін қалмады ізгі.

-136-

Тажалдай тасығандар мейманасы,  
Азғандар ортасы мен айналасы.  
Кеше тәж бен тахытты игергеннің  
Биіктен бір-ақ түсті сайға басы.

-137-

Мерейі үстем болды ақықаттың  
Бет-пердесі ашылды ісі жаттың.  
Нәтижесін кейінгі өulet көрер  
Басталды тура көші тарихаттың.

-138-

Істес болған адамдар ақшаменен  
Болмайды екен жұмысы басқаменен.  
Ұят, парыз, қанағат деген сөзге  
Мылқау, керен жандардай қақпайды елең.

-139-

Сүм пейіл, хас дұшпандар келсе қарсы,  
Лезде жынын қаққан қайран қамши.  
Намыс, ерлік оянып келер ме екен  
Жамагат, сол қамшыны қолыңа алыш!

-140-

Ұсақ екен ол жігіт, ірі деген  
Көсемнің кең ойлайтын бірі деген.  
Ақылын атақ пенен мансап билеп  
Ел алдына шықпақ па шыныменен?

-141-

Еліне лайықты болса басшы,  
Маңында адал серік жүрсе қосшы.  
Басшы жалтақ, табаны тайғақ болса,  
Жұрт сенімі қалайша ақталмақшы?

-142-

“Заты” жоқ ағайынның, аты ғана  
Билеген отбасында қатын, бала.  
Мейірім, бауырмалдық күрып бітсе,  
Ел ішін бүтіндейді қандай дана?

-143-

Үлестен кей адамдар жүрсе қалып,  
Айымыз “бакытсыз” деп көнілге алып.  
Көмекке келетүғын құдырет бар ма  
Тарықса, тендік көрмей бүкіл халық?

-144-

Аға жоқ қарындасты аялаған,  
Қарындас жоқ ағасын бағалаған.  
Көкірек, жат мінезді, қайырымсыз  
Бар білгені – жақынын қаралаған.

-145-

Өмірдің пәлекеті қашық тұrsa,  
Сәттілік таразысы басып тұrsa,  
Алдамши атақ, дақпырт керек емес,  
Абыройың заманында асып тұrsa.

-146-

Жақсының елге ортақ шаралаты,  
Жаманның жан шошытар кесепаты.  
Бәрі де адам секілді көрінгенмен  
Арада жер мен көктей жатыр парқы.

-147-

Дүниеден кетсем егер күнім жетіп,  
Кім салар сағананы биік етіп?  
Кем емес кесенеден атамекен  
Көрмеген бір ескерткіш одан өтіп.

-148-

Сыйладым кітабымды шын жүректен,  
Байлығым осы болды барып жеткен.  
Бұл кітап алтын да емес, күміс те емес  
Бірақ та қазына жоқ мұнан өткен.

-149-

Таза ауа, орта керек бәрімізге,  
Бесіктегі сәбиге, кәрімізге.  
Табиғатты қалпына келтірмесек  
Бұзылар өніміз де, сәніміз де.

-150-

Қазаққа қаны қарсы қасакы жау,  
Іздегені әрқашан өсек пен дау.  
Шайтан затқа үқсаған өззөzlігे  
Салынатын кез бар ма тұсай, бұғау.

-151-

Кітабын оқып шықтым “Алтын Орда”,  
Ақиқатты ақыры айттық зорға.  
Кетпесін ісі зая ерлерімнің  
Тұспесін шындық енді қамау торға.

-152-

Мен рудың жақсысын іздемедім,  
Қазақ даңқы ежелден көздегенім.  
Мықты болса қазағым мен де мықты,  
Ұсақ мактан өзгені сөз демедім.

-153-

Келешегін ойламай ел бола ма?  
Озгенің ақыл-ойы ем бола ма?  
Атын, затын жоғалтқан тексіз тобыр  
Орнықты елдерменен тең бола ма?

-154-

Мықты болсан, алдымен өзінді тый,  
Өзі үстамды пендeler көреді сый.  
Қателігің бар болса, тәубага кел,  
Күн сайын ар мен үят, иманды жый.

-155-

Қазаққа тиғен улес аз-ақ қана,  
Момын ел көнген қорлық, мазакқа да.  
“Ақ көңіл, аты арымас” дегендей-ақ  
Үйренген еті өліп тозаққа да.

-156-

Дерт шалып тұтасымен азса заман,  
Бұзылмай қалай аман қалар адам?  
Жандай боп құламага қарсы жүзген  
Тасқыннан сақтануға келмес шаман.

-157-

Әкесі қойыпты атын Шора батыр,  
Әлжуаз, нәзік тұған бұл бір пакыр.  
Бірак та еткен ісін есептесен,  
Алыптармен барабар түсіп жатыр.

-158-

Дүниенің ғажайыбы – Матендаран,  
Таңданбай кете алмайды келген адам.  
Көнекөз шежіреші жазбалардың  
Ішіне сыйып кеткен бүкіл ғалам.

-159-

Талайлар пайда жолын ойлап тапқан,  
Айласын, адамдығын еткен мақтан.  
Солардың бәрі өткінші, баяны жоқ,  
Артық қазына болмайды адалдықтан.

-160-

Әлемге аты әйгілі парсы тілі,  
Жасалған осы тілде назым гүлі.  
Шабыт пенен сұлулық өрнек салып  
Айтылған інкөрліктің барша сыры.

-161-

Сөздерін бұрынғы өткен ұлылардың,  
Мінсіз сезіп, терендең үғынар кім?  
Өзгерген енді міне үрпак тегіс  
Білмейді кімді сүйіп сиынарын.

-162-

Алса да бірнеше тіл қатар біліп,  
Қазақшаға келмеліті қадам жуық.  
Ұлтына қызмет етіп жарытар ма  
Адамдар өз еліне мұнша сұық.

-163-

Жаратқан! Бермесен де байлығынды,  
Қия гөр қайыспайтын нарлығынды  
Түсірсөн тусір мәрттік майданына,  
Көрсетпіе қиянат пен тарлығынды.

-164-

Мансап, атақ, байлығың өтер, кетер,  
Бұйырмас мәңгі баки бал мен шекер.  
Қолдан келсе, қауымға қызмет қыл,  
Одан басқа ісінің бәрі бекер.

-165-

Толысып білімменен ой мен санан,  
Жасына көмелеттің келдің, балам.  
Таба білсөн өмірлік мұратынды,  
Болмас еді күдікпен көніл алан.

-166-

Мәз болдық, басымыздың аманына,  
Қол соқтық татымсыз бен шамалыға.  
Дарын, еңбек, талаптың ойнамағы  
Төуелді екен күн кешкен заманына.

-167-

Сөйленді екіленген сөздер қанша,  
Сол сөзге, бұйырмасын, біреу нанса.  
Тілді емес, жүректі оятқан жөн,  
Десеніз қозғалысқа түссін барша.

-168-

Басыңа келдік арнап Бұхар баба,  
Әулие, дана жырау, туған дара.  
Қаймықтай ханның мінін бетке айтатын  
Билер жоқ бұл заманда – бар ма шара?

-169-

Ел қасіретін, есіркеп тәнірім исе,  
Зұлымға қарғыс оғы барып тисе.  
Халқын саткан қарабет құлқыны үшін  
Мансалтың отына өзі жанып, күйсе.

-170-

Кім татпайды тұрмыстың артық, кемін,  
Қындықсыз келмейді олжа тегін.  
Бұл да болса дүниеде арттырғаның,  
Артында қадір тұтар қалса елін.

-171-

Жаманға ісің түссе, күнің қаран,  
Жолама мейрімсізге, келсе шаман.  
Көрсө де дүниенің дарқандығын,  
Жөнделмес заты бұзық, пейілі арам.

-172-

Кездеспей өкініштің күйігіне,  
Шықса пенде өмірлік биігіне.  
Адамның арттырғаны сол болады –  
Қалдырса жақсы үлгі сүйінуге.

-173-

Санасызға өмірдің бәрі сейіл,  
Белін буып іс етпес, босқа кейір.  
Хас жаманның белгісі – өуел бастан  
Жақынына жаны ашып, төкпес мейір.

-174-

Дүниенін көрген жоқ ешкім шетін,  
Откен іске өкінбе, шира, бекін.  
Қалың елің қадірлеп, қаумаласа,  
Толмай ма ханасына көніл жетім.

-175-

Күр үмітпен алдаңық өзімізді,  
Үжмақ дедік тамұқтай кезімізді.  
Еркіндіктің шынына шықтық дедік,  
Айта алмaston жүрсек те сөзімізді.

-176-

Көрсөн де нелер қымбат қызық бұрын,  
Өмірдің жанға рахат сөті шырын.  
Тәнірінің мұнысына мың шүкірлік  
Анда-санда ұсынар сирек сыйын.

-177-

Заман тұлқі болған соң, адам тазы,  
Пайда мен құлық сауған қысы, жазы.  
Икемделгіш кү менен тақыс озды,  
Артта қалып дарынды өнерпазы.

-178-

Жаттанды қағидаға дұлдул шешен,  
Жан ауыртпас құр сөзге кәміл көсем.  
Әділдік пен ададық сынға түссе,  
Жер бауырлап қалады бейне мешел.

-179-

Арзан сөздің дәурені жүрген шакта,  
Талай арам әкімдік құрган сапта.  
Арлы жандар елеусіз артта қалып,  
Тасбақалар теңелген арғымаққа.

-180-

Құтқарсақ құнығудан адамзатты,  
Сақтауға жол табамыз табиғатты.  
Зұлымдыққа екінің бірі даяр  
Сирек қой нағыз жандар шарапатты.

-181-

Қанша өкініш, күйініш қалды артта,  
Тәуба дейміз өзгеріс тұған шаққа.  
Кенейіп, жапырақ жайған дарагымды,  
Тіл-көзден, уа, жаратқан, өзің сакта.

-182-

Қалдырып қатарын да, қауымын да,  
Тәкен жатыр Қаратая бауырында.  
Мәңгі-баки мекенін тапқан жанға  
Қауып емес жауынын, дауылың да.

-183-

Еңбектерін еліне беріп кетті,  
Оласыз дүниеден жеріп кетті.  
“Сөз қадірін түсінер жұртым бар” деп  
Халқына ғашық көңілі сеніп кетті.

-184-

Білмейтін қауым өсті ана тілін,  
Сезбейтін “тал бойымда бар” деп мінім.  
Ата-тегін білмейтін мәңгүрттерге,  
Пайда жоқ еткеніңмен сөзді шығын.

-185-

Неткен жан пайда менен мансап құған,  
Секілді әкімдікпен бірге тұған.  
Үйренген бастықтарды сөзбен алда,  
Қалмаған санасында мыскад иман.

-186-

Қоймайды ажал жақсы мен жаманды да,  
Талғамайды дана мен наданды да.  
Тенгереді мәрт пенен нәмартынды,  
Тексермейді сахи мен саранды да.

-187-

Қарамайды ол данқ пен атағыңа,  
Қарайлатпас дос, туыс қатарыңа.  
Шыққан күндей шырайлы шіркін өмір,  
Бір мезет кідірмейді батарында.

-188-

Кеше ғана найқалған қанша кісі,  
Бүгін марқұм. Сап болған өмірде ісі.  
Жоғалмайтын асыл жоқ жер бетінде,  
Мәңгілік сол – дүние қозгалысы.

-189-

Фылымға дурмекпенен келгендер көп,  
Басатын аяғымен жерді шіреп.  
Қонаққа шақырусыз келген жандай  
Таппаған отыратын орынын дөп.

-190-

Жазылған қысқа ғана өміrbаян,  
Ол менің тағдыр жолым тәнірге аян.  
Ол жол – биік арман мен мұрат жолы  
Дендер мейлін, демендер “мынау ноян”.

-191-

Бір көргенде түсінгіш ер секілді,  
Ойлағаны халықтық шер секілді.  
Шын мөнінде нышан жоқ адамдықтан  
Жабысқан денеге арам шел секілді.

-192-

Жауыздар бар адамзат арасында,  
Ізгілікке орын жоқ санасында.  
Пайда, мансап жолына қызып кетер,  
Өзін тауып өсірген анасын да.

-193-

Адамзат неге құмар зиянына,  
Ішкілік зор кесепат зиялыға.  
Шараптан іркілмесең, кездесерсін  
Кесірge, кіріп-шықлас қиялыңа.

-194-

Сырты адам, пейілі арам дүшпан залым,  
Арамызға кірді де, салды лаңын.  
Халықты хак дінінен адастырып  
Қасиетті дәстүрдің бұзды бәрін.

-195-

Тарихын талдаймын деп елдің Хазар,  
Макала жазып бүгін болдым өзер.  
Бір пайдасы халқыма тиер ме екен,  
Сөздеріме патшалар салса назар...

-196-

Ел азғанда алдымен өні кетер,  
Әні кетсе, өмірдің сәні кетер.  
Жүрекжарды өн мен күй ғайып болса  
“Күр айғай бақырганның” бәрі бекер.

-197-

Басшының неге мұндай күмәнді ісі,  
Осындаі да бола ма нағыз кісі?  
Сырт көзге сымбатты боп көрінгенмен,  
Тез-ақ екен жалт беріп, құбылысы.

-198-

Сұлтанмахмұт ұлы ақын топтан аскан,  
Сынап еді милдетін үйқы басқан...  
Мінеки ғасыр өтті содан бері  
Жатыр өлі қайран ел қозгалмастан...

-199-

Такаббар болдың бір кез басқан керден,  
Мінсіз сұлу іздедім тамам елден.  
Мұнартып, құр қиялда жүрген шакта,  
Көрмеппін бақытымды жақын келген.

-200-

Лепіргенмен көңілдің көк дөнені,  
Уақыттың болады өз дегені.  
Шіреніп қос қолыңмен тартсан-дағы,  
Өмірдің кері айналмас дөңгелегі.

-201-

Атадан Аплатон боп тусаң-дағы,  
Өткен күн жеткізбейді кусаң-дағы.  
Жастық шақ енді қайтып оралмайды,  
Ертелі-кеш мінәжат қылсаң-дағы.

-202-

Жалған сөйлеу заманның сазы болды,  
Парақорлар үкімші, қазы болды.  
Бұл заманның жақсы мен жайсандары  
Тұлқі қуған кәдімгі тазы болды.

-203-

Жытқыр менен жылпостар жырғалып жүр,  
Молшылыққа кенеліп ырғалып жүр.  
Еткен ісі еленбей, зая кетіп,  
Шын еңбекші құрметтөн құр қалып жүр.

-204-

Тұрғанда денем сергек, істеп мыйым,  
Шешімі еш сұраудың емес қыын.  
Қүресі мен ризығы кезек келіп,  
Ризамын, тағдырымның көрсем сыйын.

-205-

Көп табыс таппасам да өзім үшін,  
Оқінбел өткен, кеткен кезім үшін.  
Ақыл, қайрат, білімнің жеткен жері –  
Барлығы туып-өскен елім үшін.

-206-

Өріне шыққанымша жетпіс бестің,  
Ел үшін арпалысып өмір кештім.  
Арттырып жиһаз-мұлік жимасам да,  
“Отанына қарыздар” демес ешкім.

-207-

Адам азса, алдымен үят кетер,  
Үят кетсе, иманы бір-ақ кетер.  
Үятын арамдығы женген жанның  
Сөз берісі айрылып, жырақ кетер.

-208-

Ең мықтаса дейді “мың жыл адамы”,  
Көңілге тоқ бұл бір атақ бағалы.  
Ал мен елдің шын адамы атансан,  
Көңілімнің болмас еді алаңы.

-209-

Жоқты бар деп айтудан тосылмайды,  
Іс пен сөзі бір жерге қосылмайды.  
Өтірікті судай ғып ағызса да  
Үятқа қаламын деп шошынбайды.

-210-

Ойласаң ақылға сап парықпенен,  
Медальдің атағы зор “Данқ” деген.  
Мағынасы сыйды төрт-ақ сөзге,  
“Елге сіңген еңбегі анық” деген.

-211-

Біреулер бастықдын деп шіреніп жүр,  
 Кейбіреу қызмет іздең тіленіп жүр.  
 Артық туған аяулы асыл жандар  
 Фылым дөнін өсіріп, гүл егіп жүр.

-212-

Албырт шақ естелігі еске тұсті,  
 Кеш қалдық түзетуге өткен істі.  
 Бәрін де өз орнына қояр едім,  
 Қайта оралтып әкелсе, құдырет күшті.

-213-

Көгермейді жақсысын корлаган ел,  
 Жамандыққа тосқауыл қоймаган ел.  
 Жылпосы мен жытқыры билік ұстап,  
 Ақылдысы шерлі боп сорлаган ел.

-214-

Мансап пен байлық ушін арын сатқан,  
 Тәж бен тахыт алам деп бәрін сатқан.  
 Көбейді хас зұлымдар осы күнде  
 Ант атқан, өруақ атқан, төңір атқан.

-215-

Пайдакунем, нысапсыз, жылпос, епті,  
 Барады жалмап, жұтып төніректі.  
 Адамдардың ризығын талап алып,  
 Бөлісуге кірісті жер мен көкті.

-216-

Үлесін иен халықтың обып алып,  
 Орасан ойрандаپ жүр олигарх.  
 Батпандай қылмыстарын көтере алмай,  
 Бір күні құрдым суга кетері анық.

-217-

Дегендей сұқ пен көзден жүрсін қағып,  
 Анам маған беруші ед тұмар тағып.  
 Сол тұмардың киесі, шарапаты  
 Не кательден аман-сау қалған алып.

-218-

Еңбегіне сай келмей көрген сыйын,  
 Кейде олқы жүрсе де көңіл күйін,  
 Қанағат қыл, тағдырға риза бол  
 Жылы тартқан басында болса үйін.

-219-

Атты жендет аяулы арысынды,  
 Құлатты қол жетпестей ғарышынды.  
 Қорғай алмай қадірлі қаһарманын  
 Бірдің емес, халықтың сағы сынды.

-220-

Өмір шексіз көрінер жас шағында,  
 Жеделдейді талтүстен асқанында.  
 Оқтай зулап ымыртқа жеткенінде  
 Үзактығы болмайды қас қағымдай.

-221-

Бұл күнде небір хикмет болып жатыр,  
 Ұры-қары имансыз толып жатыр.  
 Ата-жұрттың ризығын талапайладап,  
 Жаудан түскен олжадай обып жатыр.

-222-

Кедейлер жүр жоқшылық зарын тартып,  
 Байшыкештер шетінен отыр шалқып.  
 Отанға көк тындық пайдасы жоқ  
 Жалмауыздар дөндеді елін сатып.

-223-

Көп басшылар парызын біле алмай жур,  
Жексүрын болғанына ұялмай жүр.  
Ел басқару орнына елді сорып,  
Обал, сауап дегенді ұға алмай жүр.

-224-

Дүниені шайқаған болсан да бай,  
Оныңнан күн, солыңнан туса да ай,  
Қазынаның бәрін жисан, бола алмайды  
Адамдарға жасаған қайрымындей.

-225-

Қазақтың соңғы ханы Кене деген,  
Ар үшін ажалды де елемеген.  
Жықтаған ерлік пенен намыс туын  
Малышынып қан кешсе де кенереден.

-226-

Қадірлі, қайрыымды, халқым менің,  
Сеніменен жасайды даңқым менің.  
“Жаным, арым, намысым сендік” деген  
Жазылған журегіме антым менің.

-227-

Соры қалың қашаннан халқымыздың,  
Сезбейміз не боларын артыймыздың.  
Трайбализм дертіне бой алдырып,  
Көрсеттік төмендігін паркымыздың.

-228-

Секілді бұрылмайтын қара қабан,  
Қарабет мына жігіт неткен арам.  
Қара басы сау болса, жұмысы жок,  
Бұлініп жатқанымен бүкіл ғалам.

-229-

Магнасы бұл мейрамның терең мүлде,  
Жететін мураты бар бір өмірге.  
Білгенге ұқтырары бір ауыз сөз:  
“Имандағы қазығы сенімінде”.

-230-

Қасиетті хадистің бетін ашсан,  
Әрбір сөзі парасат нұрын шашқан.  
Ақыл-ойдың тұнығы сарқылмайтын,  
Шығарма жок дуниеде одан аскан.

-231-

Еңбекқор, жаны таза адал ұлдың,  
Қызметімен өскенін бүтін білдім.  
Қатарынан қалыспай жүргені үшін  
Жаратқанға жалынып, тәуба қылдым.

-232-

Аты өйгілі, алашқа Есет батыр,  
Талай жауды жапырған ақыр-тақыр.  
Сан шайқастан қайтпаған қайран сабаз.  
Мәңгілік мекенінде үйықтап жатыр.

-233-

Біреуден алғаннан да берген жақсы,  
Халықтың ризалығын көрген жақсы.  
Жамандықты жазғырып түнілгеннен,  
Ізгілікке калтқысыз сенген жақсы.

-234-

Не пайда болмай жатып ісінгеннен,  
Ондейларды надандар кісі көрген.  
Қауқиған денесіне құр қызығып,  
Қыранды айырмаған күшіннен.

-235-

Шықпаган сақтық, айла шенберінен,  
Алғаны он есе артық бергенінен.  
Шыныңқ үшін бел шешіп күреспей-ақ  
Келеді мол сыбаға иемденумен.

-236-

Даңққа құмартады ел несіне,  
Жетпей ме болмағаның кем несібе?  
Пайды не сомдап соққан ескерткіштен,  
Қалмаса еткен ісің ел есінде?

-237-

Не нәрсе дүниеде ойдан жүйрік?  
Оған тоқтау болмайды шыңжыр, бүйрық.  
Ол жетеді тереңнің тереңіне,  
Биіктің биігіне кетер шүйгіп.

-238-

Елміз ғой анқау, албырт, бала мінез,  
Әсерленсек, ашынсақ қайтымы тез.  
Шыныңқ пенен жалғанның айырмасын,  
Себейміз құрдым халге келгенше кез.

-239-

Ыңылдан “Бурылтайға” салсам егер,  
Елестеп өткен шағым қайта келер.  
Кірлеп қалған жанымды серпілдіріп,  
Көнілім өкініштің жасын төгер.

-240-

Қасіретке кездессем, хал нашарлап,  
Шертемін домбыраны “қосбасарлап”.  
Ауыр жүті қайғының женілейіп,  
Киял құсы кетеді әлем шарлап.

-241-

Тірілткен өсімдікті семіп, қаткан  
Еріткен өзен, көлді мұз бол жатқан.  
Көз жетпес бар әлемді гүл жайнатқан,  
Күшті нәрсе бар ма екен табиғаттан?

-242-

Көз көргенге, жақынға жарқырап жүр,  
Сөзінің астарында жатпасын зіл.  
Біреуге қарап жүріп өкпе айтқанша,  
Тиісті парызынды атқара біл.

-243-

Имандылық адамды сауықтырған,  
Діңсіздерден жанымыз қауіп қылған.  
Жойылар ма әзәзіл шайтан мінез,  
Халық пенен халықты жауықтырған.

-244-

Сақтай ғөр дүлей қүштің зорлығынан,  
Имансыз, үтсіздің қорлығынан.  
Медет бер, жаратушы, халқымызға,  
Аман жүрген шыдамы молдығынан.

-245-

Ел ғаріп азаматтық дамуы жок,  
Жауымен күресетін қаруы жок.  
Намыс пенен жігері тозған елге,  
Не ұран, не ұлғінің даруы жок.

-246-

Бұл тағдыр ойландыраш саналыны,  
Айырады есінен шамалыны.  
Мәңгілікей көрінген тірлігіміз,  
Өмір менен өлімнің аралығы.

-247-

Дастарханды кен жайып, болып мырза,  
Сыргт адамды сөзінмен еттің риза.  
Жақыныңа келгенде жаттан бетер,  
Қатыгез жан неліктен boldың мұнша?

-248-

Жұрт келмейді ішүте тамагынды,  
Көрсеткейсің ақ, адап қабагынды.  
Адамшылық тілде емес, ділде болар,  
Боямасыз танысын ажарынды.

-249-

Кекшіл болсан, ойынды кір басады,  
Жамандыққа жамандық ұласады.  
Жақсылыққа көnlінен орын сайла,  
Шын адамға сол ғана жарасады.

-250-

Жаман әдет – өзгенің мінін терген,  
Қызық көріп өсектің соңына ерген.  
“Мың гайбат татымайды бір иғі іске” –  
Депті ғой данышпандар дүние көрген.

-251-

Жалқаулық өкінішке душар етер,  
Өтпесін әрбір күнің іссіз, бекер.  
“Қайта айналып жөндеймін” деп алданба,  
Қас-қағым сөт оралмас, зулап өтер.

-252-

Шешілмейтін бір жұмбак адам сыры,  
Жақсылықтан жамандық екен сірі.  
Тас пейілді жібітпес сөүлесімен  
Жер-жаһанға жететін күннің нұры.

-253-

Жақсы адамның ажары атқан таңдай,  
Сөйлесең бір жасайсың кіршік қалмай.  
Кеселдімен кездессең кері тартқан,  
Болады жайлауынды өрт шалғандай.

-254-

Қанден ит мәз болады пілге үрдім деп,  
Қасқунем шіміркпес бұлдірдім деп.  
Жамандықпен көз ашқан мақтанады,  
Жақсыны жығып, сағын сындырыдым деп.

-255-

Өмірінді кесепат шырмамасын,  
Бір шырмаса, құтылмас ғазиз басын.  
Күйедей қарау жаммен арпалыссан,  
Өзіндағы күйе болығанасын.

-256-

Ерлік емес біреуді сүріндірген,  
Ойда жокта пәлеге іліндірген.  
Адамдықтың белгісі мейірімде,  
Өзгенің дәл өзіндей күйін білген.

-257-

Бақыт жолын басынан алғын таңдал,  
Тұтам деме барлығын оңай қармап.  
Әрбір істе айланды асырсаң да,  
Кете алмайсың өмірдің заңын алдал.

-258-

Адамдық – асыл нәрсе бөлінбейтін,  
Белінсе, қағаз емес желімдейтін.  
Адал менен арамды өлшеп түрған,  
Таразысы бар оның көрінбейтін.

-259-

Бәрі өткінші: лауазым, тахыт деген,  
Мақтанба көп жасаған уақыт пенен.  
Ішкен, жеген, ұйықтаған мұрат емес,  
Адам жасы өлшенер бақытпенен.

-260-

Махаббат ерте сөнсе, ол бір арман,  
Кейінгі көрген қызық бәрі жалған.  
Боласың қолды жайған сұраншыдай,  
Қапыда жол азығын таусып алған.

-261-

Лайық ілтиппепен, құрметімен,  
Кетсөн де мекеменің қызметінен.  
Тірліктің таусылмайды сұраулары,  
Адамдық босамайсын міндестінен.

-262-

Оралып келсе көктем жыл айналып,  
Жасарар жердің жүзі шырайланып.  
Көнілдің өшіп кеткен мерекесі,  
Қайтадан келер ме еді бір айналып.

-263-

Өзіңсің үміт еткен ұлым менің,  
Медетім, көнілдегі күнім менің.  
Өмірдің сенсің берген сыбағасы,  
Сен десем таусылмайды жырым менің.

-264-

Атындан айналайын алтын қызыым,  
Жылытқан ақылымен көніл сызын.  
Ауыр ойлар жанымды басқан шақта,  
Сені көрсем жарқырап қоңыр күзім.

-265-

Деменіз басқа қатер келер қайдан,  
Кездейсоктық болар деп ерте сайлан.  
Әрбір құнгі ісіңе барынды сал,  
Тұрғандай сені күтіп соңғы майдан.

-266-

Кимаса егер көп қызық тағдыр саган,  
Шарқ ұрма болмайтынға болып алаң.  
Өтесен адамшылық парызынды,  
Кем болмас ешкімнен де сенің бағаң.

-267-

Кол жайып, тілеу тілеп елдер бұрын,  
Перзентті көруші еді балдай шырын.  
Қара бастың қақшиған қамын ойлап,  
Баладан безетіндер шықты бүгін.

-268-

Ерлер кетіп ежелгі биігінен,  
Салт бүлінді бассыздық күйігінен.  
Үсті-басы малынған әйелдер жүр,  
Жүрдай бол инабаттың киімінен.

-269-

Бұл неткен қорғаны жоқ панасылыз ел,  
Әкімі көп болса да, ағасыз ел.  
Азаматтық санасты оянбаған,  
Әркімдерге жем болған бағасыз ел.

-270-

Кетсем де ұзак жылдар сенен жеріп,  
Жүрегім тынышымаңты үшін көніп.  
Ешқашан ұмытылмаган асыл бейнен  
Тебірентті мен гаріпті түсіме еніп.

-271-

Зерттелмей жатыр әлі ұлы қыпшак,  
Кем болмаймыз тарихтың тілін үқсак.  
Мұраны таразылап, толғап, екшеп,  
Пайымдап парасатпен шыңға шықсак.

-272-

Жұлде алмақшы шын жүйрік жаратпай-ақ,  
Озбакшы елден кезекке қаратпай-ақ.  
Бабасынан қалған бір мирасындей,  
Жабысады мансапқа талақтай-ақ.

-273-

Өкінбеймін төрден – сый алмадым деп  
Темір белгі киімге таңбадым деп.  
Киім тозар, темірді тот та басар,  
Айтсам болды халықтың арманын тек.

-274-

Өмір жолы шытырман, алмағайып,  
Жығыласың сәл кетсөн, жолдан тайып.  
Дүниені сапырган небір ерлер,  
Шұқанаққа сүрініп болған майып.

-275-

Болымсызды мақтадық, ұялмадық,  
Шын жақсыға мәртебе қия алмадық.  
Бүрі кеткен табандай жылмағай бол,  
Нығыз басып бір жерде тұра алмадық.

-276-

Жақсы менен жаманды айырмадық,  
Ұятсызды бетінен қайырмадық.  
Жен білмейтін тексізді жетекші қып,  
Құмға батқан қайықтай қайырладық.

-277-

Махаббат аяқ асты қалса да аңырап,  
Көп жүрдім алдарқатып, көңілді алдан.  
Бірақ та арзан ермек сеп болмады,  
Көрмек ем үзілгенді қайта жалғап.

-278-

Екі нәрсе әзелден сыр мен сымбат,  
Сыр жоғалса, арзандар небір қымбат.  
Сөз бен іс тартқан кезде әр тарапқа  
Адамның қасиеті қалай тұрмак?

-279-

Жайнаған лала гүлмен жердің беті,  
Құлпыраған көз жеткісіз шегі, шеті.  
Қызыл, жасыл, сарыға бояп қойған,  
Суреткер – табиғаттың құдыреті.

-280-

Ай батады біртіндеп толғаннан соң,  
Гүл, бәйшешек жоғалар солғаннан соң.  
Тірліктің де кемиді қызықтары,  
Таныс, біліс азайып болғаннан соң.

-281-

Тамылжыта сөйлесе бұлбұл дерсін,  
Төрт аяғын тең басқан дүлдүл дерсін.  
Сынаңтай жылпостығын көргенінде  
“Қайдан душар болды бұл құрғыр” дерсін.

-282-

Имансыздар көбейді данасынған,  
“Жер сатылсын” деп дәйім аласұрған.  
Ертедегі Антейдей тұншықтырып  
Елді айырмақ туған жер-анасынан.

-283-

Үй өртеп аты шықкан Герострат  
 Аңыз деп ойлаушы едік қалған жырак,  
 Үй түгіл елді жоймак тойымсыздар,  
 Шошынбас жер жарылса, аспан құлап.

-284-

Көрсे де қанша қорлық қазақ елі,  
 Жаулардан мұқалмаған жан-жігері.  
 Айрылып рухынан, дәстүрінен  
 Осы ғана болды ма жеткен жері?

-285-

Сан дүшпанды тойтарған елге шапқан,  
 Халық едік үмітті болашақтан.  
 Енді өзгеге қарауға бетіміз жоқ  
 Жамылды атақ: “шет жұртқа бала сатқан”.

-286-

Түгел сатып бітірсек қазақ жерін,  
 Көз жасымен толмай ма теңіз, көлің?  
 Шетте жүр ғой қазактың үштен бірі  
 Оралғанда оларға бар ма телім?..

-287-

Киаратып Отырады жаулар өктем,  
 Талай ғасыр халықты зар еніреткен.  
 Жоғалғанды қайта іздел ер Асантай  
 Еліне мәнгілікке табыс еткен.

-288-

Адамдар көп дүниенін көзін тапқан,  
 Істеген жақсылығын пұлдарап сатқан.  
 Қылаудай кіслікке кір шалдырмай  
 Жігіт қайда Бектастай елге жакқан.

-289-

Табылып енбегімен аброй тәжі,  
 Адам сирек қауымды еткен разы.  
 Ici, сөзі, пигылы қөпке үлгі  
 Хақ мұсылман бүтінгі Ыбраі кажы.

-290-

Зор атаққа талайдың бар таласы,  
 Сын майданда танылар шын бағасы.  
 Ел мәрттігін ер ғана асқақтатар  
 Дейтүғын: “жаным – ардың садағасы”.

-291-

Бейне бір таң шапағы алтын арай,  
 Нұр төккен хақ дінімен елге талай.  
 Жарты өлемге таратқан имандылық  
 Қасиетті жер бар ма Түркістандай!?

-292-

Жерлер көп мәртебелі, аты шыққан,  
 Даңқынан, айбарынан жаулар ыққан.  
 Мен тұған жер Қаратай – қара шаңырақ  
 Бір емес, күллі қазақ кие тұтқан.

-293-

Жұрт құмар Гиннестің кітабына,  
 Дегендей: “пайдасы бар атағыма”.  
 Мен етемін қызмет халық үшін  
 “Жақсы үлгі қалдырысам” деп үрпағыма.

-294-

Мақтана алман “патшамын, уәзірмін” деп,  
 Елді билеп, еңсеріп жатырмын деп.  
 Жұбатамын көнілді үлтүм үшін  
 “Әрқашан да бейнетке өзірмін” деп.

-295-

Қасиетті кітап ол, аты Құран,  
 Құран сөзін қайтала, тапсаң иман.  
 Бұл кітаптың салмағы ауыр тартар  
 Жер жүзінің қазына байлығынан.

-296-

Қазақ жерін бөлдірмей сақтау мұрат,  
 Ата-баба парызын ақтау мұрат.  
 Байлыққа көп құнықсан қөзің тоймас,  
 “Қанағат” деп бір мезгіл токтау мұрат.

-297-

Менің әкем жан емес білім құған,  
 Еңбек десе, ер еді белін буған.  
 Үлгісінің үлкенін алдым білем  
 Халқына қамқорлығы дайын тұрған.

-298-

Еркінді билеп алса жебір құлқын,  
 Жинасаң таудай қылып дүние мулкін.  
 Қарынбайдай жұтылып қара жерге  
 Айрыларсын бәрінен ақыры бір күн.

-299-

Даналармен тілдесіп курсаң кеңес,  
 Ешбір адам бұл ісің әбес демес.  
 Басыңнан бағың тайып кеткен күні  
 Бар жиғаның бір күнде болар елес.

-300-

Үкімдарлар кемелдік дәмін татқан,  
 Аулак болар данғаза, құр атақтан.  
 Жақсы адамға жарасқан сыпайылық –  
 Артық, нәрсе жоқ сабыр, қанағаттан...

-301-

Жаратқан, шүкір, өмір бергеніңе,  
 Аралап дүниені көргеніме.  
 Тірліктің тиесілі дәмін татып,  
 Аллаға, жақсылыққа сенгеніме.

-302-

Көп оқысан, қазына, білім болар,  
 Үлгілі үрпақ жемісі шырын болар.  
 Шошқа тікен секілді ұл өсірсөн,  
 Жақсы әдетке үйрету қыын болар.

-303-

Ойласаң ой туады ой соңынан,  
 Жол басталар жалғасып жол соңынан.  
 Бұл күнде көп танысты таба алмайсын  
 Келген жандай кешігіп той соңынан.

-304-

Қастер тұтып оқитын тамам халық,  
 Зор игілік шыққаны – “Сияр Шәриф”.  
 Имандылық іздеген пакырларға.  
 Көп өнеге кітаптың берері анық.

-305-

Иланып рия сөзге шырын-шекер,  
 Мақтан күтіп өмірден өтпіе бекер.  
 Алып батыр, данышпан дегізбей-ақ,  
 Еңбегінмен еленсөң, сол да жетер.

-306-

Ең жақсысы – айтылса сөз орнында,  
 Киімдікке жарайды боз орнында.  
 Өмірге кірпіш болып қаланғаның –  
 Пайдалы бола білсөң, өз орнында.

-307-

Багбан тігер көшетті тал болсын деп,  
Малшы бағар ботасын нар болсын деп.  
Ұл мен қызды үмітпен мәпеледім,  
Тұла бойы намыс пен ар болсын деп.

-308-

Токтаусыз алға тартқан өмір керуен,  
Белгісіз асатыны қанша белден.  
Адамның бұл жалғанда арттырганы –  
Жақсылыкты аямау қолдан келген.

-309-

Адасқан қозсіз қордай біз бір пәндө,  
Тынымсыз күнә қоссан шыбын жанга.  
Тазартуга кірленген ішімізді  
Сала ғөр тұра жолға өзің алла!

-310-

Болмаса да мансабың елден ерек,  
Достық пенен махаббат тұрсын жебеп.  
Дүниенің кемдігі уайым емес,  
Керегі – мейірім мен ыстық жүрек.

-311-

Жақсы-ақ нәрсе намазға жығылғаның,  
Шын көнілмен аллаға сыйынғаның.  
Бәрінен де абзалы біле білсен –  
Кесепат мінездерден тыылғаның.

-312-

Қасиет көбеймейді жыл өткенмен,  
Несі қызық күндердің тізбектелген?  
Ішкен, жеген, ұйықтаған мұрат емес,  
Артығы жоқ адамды риза еткеннен.

-313-

Жолына түстік міне екі мың жыл  
Талайлар “жаңа жыл” деп лепіріп жүр.  
Мың жылдық ой оралсын басымызға  
Соңынан қалмау үшін өкініп күр.

-314-

Сөз емес мансап, атак, акша, бүйым,  
Алармыз бүйірган күн тағдыр сыйын.  
Бәрінен де “қош демей” жалт бұрылып.  
Жастиқтың кеткеніне көну киын.

-315-

Талайлар талмай іздел жер төресін,  
Мактайды тұган елдің әр төбесін.  
Қала жоқ теңесетін Түркстанға,  
Тарихтың өзі берген мәртебесін.

-316-

Орындалса алладан келген үкім,  
Жасайды дүниеде елдер бүтін.  
Имандылық жолынан таймағандар  
Әкеледі әлемге достық, бітім.

-317-

Пысық көп қырқын жиса қыр аспаған,  
Ер мінезді жандар кем қулаштаған.  
Қүйбіні от басынан ұзамайтын,  
Тұлға бол жарыта ма шардак-шабан.

-318-

Әзелден дүрмек қалың, сырлас сирек,  
Ойлы адам жалғыздықтың кебін кимек.  
Барлық пенен жоқтықтың бәрі алдамышы  
Баянды сол – алланы танып, сүймек.

-319-

Откен небір тажайып ғұламалар,  
Білген адам таңданып тұра қалар.  
Табиғаттың олар да ескерткіші  
Құламайтын мәңгілік мұнаралар.

-320-

Сырынды тежеп ұста, шашпа босқа  
Талғамды болсын сөзің қас пен досқа.  
Байқаусыз, байлауы жоқ айтылған сөз,  
Таяқ боп қайта айналып тиер басқа.

-321-

Түземек боп сынаумен елдің мінін,  
Отті талай жылдарым, айым, күнім.  
Бірақ мін көбеймесе, азаймады  
Болғанын енді білдім сөзім шығын.

-322-

Әлемдік ізгілікті арман етіп,  
Көрмепті мұратына ешкім жетіп.  
Ендеши, тәубага кел міскін пенде  
Қанағат пен сабырды серік етіп.

-323-

Ертеде таныс болдым бір қызбенен,  
Аты да өсем еді Құндыз деген.  
Сол қыздың нұр төгілген ақ дидарын,  
Тең көрдім аспандығы ай, жұлдызбенен.

-324-

Кезінде әрекетке бармай өктем,  
Ауа қармап, бос қалдым, құр ниетпен,  
Өкіндіріп сол бір қыз гайып болды  
Секілді ай мен жұлдыз батып кеткен.

-325-

Ел біледі қаһарман талай жанды,  
Соның бірі-Мехмет Қараманлы:  
Түрік тілінің көтеріп мәртебесін  
Өшпейтіндей атағы қалды мәңгі.

-326-

Ici түссе, келеді құшақ жайып,  
Пайда жоқта кетеді көзден тайып.  
Дос, пікірлес, жанашыр іздеңенде,  
Төбесін көрсетуі алмағайып...

-327-

Фалым болған кітапқа үңілмей-ақ,  
Атақ алған еңбегін сінірмей-ақ.  
Ұстаз атын жамыльп жүргендер бар  
Бұлағынан білімнің сімірмей-ақ.

-328-

Байқоңырдан кеме үшса, көкке самғап,  
Сахараны жел, дауыл кетер шарлап.  
Кеме үшса, Ресейге ақша жауып  
Қазақ жерін қисапсыз зардал шалмак.

-329-

Кенге сал әрқашан да көнілінді,  
Тарылтпа ізгі іске пейілінді.  
Қазынаң таусылмайтын сол-ақ болар, –  
Сактасаң жүргегінде мейірімді.

-330-

Имандылық – сенімің, сырың болса,  
Адастырмас ұстазың – пірің болса.  
Кеш бастаған кенжелеп жүруі хақ  
Жақсы жолға түсің бұрын болса.

-331-

Ез болып, құлдай өмір сүрсөн егер  
 Жалынышпен жақсылық, деме, келер.  
 Ерлер ғана қайтарар жаудың сесін  
 Өзі өлсе де, “жастығын алып өлер”...

-332-

Бійкке дарыныңмен шықсан өзін,  
 Әлемге құдыретті жетсе сөзің –  
 Қамықпа, күншілдердің ғайбатынан  
 Қалқалап жапқан бар ма күннің көзін?

-333-

Ақиқатты тәрк еткен туды заман,  
 Іс тұтқасын ұстады жөһіл надан.  
 Адалдықтың тамырын қырқып жатыр  
 Қара көніл қасакы, пейілі арам.

-334-

Бұл заманның паролі пара деген,  
 Пара бермей істерің шала деген.  
 Қоғамға кеуlep кірген бұл бір індеп,  
 Жойылмайтын ешқандай шараменен.

-335-

Оқыганы шамалы бұтып-шатып,  
 Шын білімнің көрмеген дәмін татып.  
 Кіслік әліппесін тауыспай-ақ  
 Жүрсем дейді әлемді таңыркаташ.

-336-

Шындық іздең кезсе де жердің үстін,  
 Тыянақ таба алмайды ғаріп, міскін.  
 Уәде мен қарардың байлауы жоқ  
 Арасы айшылық жол сөз бен істін.

-337-

Ел едік шарапаты таң боп атқан,  
 Дархан көнілі әлемді таңыркаташ.  
 Шынымен аздырмақ па өр халықты  
 Көзқаман тілін, дінін, ділін сатқан?..

-338-

Әркениет бесіргі – Бағдатым-ай,  
 Естілер ме жаһанға жан датың-ай!  
 Обыр, озыр, жалмауыз, азғын жауыз  
 Қоймақшы ғой үстіннен танды атырай.

-339-

Тұған елін қорғаған Шешен батыр,  
 Біреуінің ерлігі жүзге татыр.  
 Қара жүрек, қайрымсыз, қарақшының  
 Көзін жойып, азаттық алар ақыр...

-340-

Салғанда түрік еліне жаулар бұлік,  
 Кім еді хас дүшпанды шыққан түріп?  
 Еліне қажымайтын берген рух,  
 Оның аты – Мұстафа Ататүрік!..

-341-

Азаттық! Асыл сөз жоқ сенен өткен,  
 Ел даусы, күн болар ма, шығар өктем?  
 Бакыттымыз тағдырдың сәті туып,  
 Оралса намыс, ерлік алыс кеткен.

-342-

Міз бакпайды имансыз зұлым патша,  
 Әскері әлсіз елді қырып жатса.  
 Зар илейді “Лаңкесті жояйық” деп,  
 Қарсыластан таяқтың дәмін татса...

- 343 -

“Ел мен елді өзара қырқыстырып,  
Қоятын өзім”, депті, шайтан бұзық.  
Жаратқан! Адамдарға парасат бер,  
Шығуга өзәзілдің торын үзіл.

Рахманқұл Бердібай  
Рубайлар

- 344 -

Демеймін: “елден асқан болсам ірі”,  
Аллаға құл пенденің мен де бірі.  
“Халқыма қызметімді ұзақ қыл” деп,  
Сұрадым жалбарынып Қадыр тұні...

Редактор Сейдолла Садықұлы  
Техникалық редактор Ұлықбек Ергешов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің  
баспаханасында басылды.  
Таралымы 1000 дана.  
Түркістан қаласы, университеті қалашығы